

**Қатты тұрмыстық қалдықтарды қабылдау қызметін көрсетуге  
№ 01-2025 шарт**

Қарауылкелді ауылы

«23» сәуір 2025 жыл.

Бірінші тараптан ДК «Өркен» (бұдан әрі - Орындаушы), басшысы Орашев С.А., екінші тараптан ЖШС «QazCement Industries», басшысы Н.Т. Урмантаев (бұдан әрі - Тұтынушы) бірлесіп Тараптар деген атаумен өзара аталмыш шартты жасасты.

**Шартта қолданылатын терминдер мен түсініктер:**

**Қатты тұрмыстық қалдықтар** (әрі қарай - ҚТҚ) - тұрғын үйлерден шығатын тұрмыстық қалдықтар.

**Құрылыс қоқыстары** – құрылыстан кейінгі, ағымдағы және күрделі жөндеуден кейінгі ғимараттардың қалдықтары, құрылыстан кейінгі топырақтар, темір сынықтары мен өзге де қалдықтар.

**Өзге қоқыстар** – бұтақтар, ірі көлемдегі қалдықтар, қазандықтан шыққан күл-қалдық, опырылған мұздар және т.б.

**ҚТҚ-ны шығару** – ҚТҚ-ны қалдықтарды орналастыру және қайта өңдеуге арналған арнайы полигонға мамандандырылған техникамен тасымалдау.

**Төлем құжаты** – Орындаушының оның негізінде төлем жүргізетін (төлемге шот, шот-фактура, хабарлама, түбіртек, ескертпе-шот) құжаты.

**Тариф** – түрлі қызметтер үшін төлем мөлшерін анықтайтын ставкалар жүйесі.

**1. Шарттың мәні**

1.1. Осы шарттың мәні болып Орындаушы Тұтынушыға ақылы түрде қатты тұрмыстық қалдықтарды қабылдау, көму және өңдеу қызметтерін (бұдан әрі – Қызмет) Шарт талаптарына сәйкес Қызмет көрсетуі болып табылады.

1.2. Орындаушы Қызметтерді белгіленген кесте бойынша жүзеге асырады.

1.3. Қатты тұрмыстық қалдықтары ЖШС «QazCement Industries» зауытының аумағынанан Тұтынушының автокөліктерімен Орындаушының қоқыс полигонына тасымалданады.

1.4. Әрбір автокөлікпен тасымалданған қатты тұрмыстық қалдықтарға Орындаушы Тұтынушыға ресми түрде анықтамалық қағаз беруі тиіс.

**2. Қызметтердің бағасы**

2.1. Жиналатын ҚТҚ-ның көлемі Шарттың Тараптарымен куб метрде – м3 белгіленеді.

2.2. Қызмет құны 1м3 үшін қоршаған ортаға эмиссия төлемі есебімен 7 500 (жеті мың бес жүз) теңгені құрайды. Тариф деңгейі Тараптармен өзара келісіліп, Орындаушымен Шартта бекітіледі. Тарифтердің өзгеруіне байланысты Қызметтердің құны өзгерсе, жаңадан белгіленген тариф күшіне

- енген сәттен бастап шарттың 4.3.4. тармағын сақтай отырып қолданылады.
- 2.3. Қызмет көрсету көлемі айына 4 рет белгіленген, алайда Қызмет саны Тараптармен өзара келісімімен өзгертілуі мүмкін.
- 2.4. Шығарылатын ҚТҚ белгіленген көлемнен асып кеткен жағдайда, Орындаушы нақты шығарылған ҚТҚ көлеміне сәйкес қызмет көрсетілген қызмет сомасын көтеру жағына қарай қайта есептеу жүргізеді.
- 2.5. Тұтынушының Шартқа өзгеріс енгізуден бас тартқан жағдайда, Орындаушы бір жақты тәртіппен нақты жиналатын ҚТҚ көлеміне есептеу жүргізеді.

### **3. Төлем және есеп айырысу тәртібі**

- 3.1. Көрсетілген қызметтерге төлем Шартта бекітілген тарифтер мен бағалары бойынша жүргізіледі. Тариф бекітілген сәттен бастап күшіне енеді және Тараптардың өзара есеп айырысуларын жүзеге асыру үшін қолданылады.
- 3.2. Тариф деңгейі Тараптармен өзара келісіліп, Орындаушымен Шартта көрсетілген кезден бастап, Тарифтер бекітілген болып саналады.
- 3.3. Көрсетілген қызметтерге ақыны Тұтынушы ай сайын есептік айдан кейінгі айдың 15-нен кешіктірмей Орындаушының есеп айырысу шотына аудару жолымен немесе Орындаушының кассасына тікелей қолма-қол есеп айырысу арқылы жүргізеді, көрсетілген қызмет актісіне екі тарап қол қойған жағдайда.
- 3.4. Орындаушы шот-фактураларды ай сайын Тұтынушыға Шартта көрсетілген мекен-жай бойынша жібереді.
- 3.5. Тұтынушының кінәсынан туындаған Қызметтерді орындау мүмкін болмаған жағдайда, Қызметтер осы Шартта көрсетілген тарифтер мен бағаларға сәйкес толық көлемдегі төлемге жатады.

### **4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

#### **4.1. Тұтынушы құқылы:**

- 4.1.2. Орындаушының іс-әрекетіне араласпай Қызмет көрсетудің сапасын тексеруге.
- 4.1.3. Орындаушыдан Шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін уақытылы және тиісінше орындалуын талап етуге.
- 4.1.4. Қызметтерді өзіне қажетті және Шартпен анықталған нормалар мен есептер шегіндегі көлемде пайдалануға.
- 4.1.5. Орындаушыдан қызмет нақты алынбаған жағдайда, Қызмет үшін ақы төлеуден бас тартуға немесе куәландыратын құжат болса Қызмет үшін ақыны қайта есептеуді талап етуге.

#### **4.2. Тұтынушы міндеттенеді:**

- 4.2.1. Көрсетілген қызметке төлемді уақытылы және толық көлемде жүргізуге.
- 4.2.3. Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін өзге тұлғаға Орындаушының жазбаша түрдегі келісімінсіз беруге.
- 4.2.4. Шарт талаптарын уақытында орындамағаны жөнінде Орындаушыға 3 күнтізбелік күн ішінде жазбаша хабарлауға. Хабарланбаған жағдайда Орындаушы шағымды қабылдамайды.
- 4.2.5. Орындаушыға Қызметті орындау кезінде барлық көмекті көрсетуге.

4.2.6. ҚТҚ-ны қалдықтарды орналастыру және қайта өңдеуге арналған арнайы полигонға мамандандырылған техникамен тасымалдау.

4.2.7. Шарттың 2 тарауында көрсетілген Тарифтермен уақытылы төлем жасауға және ұсынылатын қызмет көлемін қатаң сақтауға.

#### **4.3. Орындаушы құқылы:**

4.3.1. Шартқа сәйкес Тұтынушыдан өзіне қабылдаған міндеттердің тиісінше орындауын және орындалған жұмыс актілеріне уақытында қол қоюын талап етуге.

4.3.2. Тұтынушыға Қызметтерді уақытылы және сапалы көрсетуге қажетті техникалық және өзге де талаптарды белгілеуге, Тұтынушының келісімінсіз ҚТҚ шығару кезектілігін бұзбай ҚТҚ шығару кестесі мен мерзімін өзгертуге.

4.3.3. Тұтынушы Шарт талаптарын бұзған жағдайда, сондай-ақ апат жағдайында немесе Орындаушының жұмыскерлерінің қауіпсіздігі мен өміріне қауіп төнгенде, қызмет көрсетуді тоқтатуға немесе шектеуге.

4.3.4. Тұтынушының келісімінсіз бір жақты тәртіпте көрсетілетін қызметтердің қолданыс кезеңіне тарифтер мен бағалықтарды азайту және ұлғайту жағына қайта қарауға, ол жайында Тұтынушыға 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарлауға, сондай-ақ көрсетілген қызметтердің құнын қайта есептеуді бір жақты тәртіпте жүргізуге.

4.3.5. Қызмет үшін төлемақы мерзімінде жүргізілмегенде және осы Шартпен белгіленген жағдайларда, Орындаушы сотқа дейінгі талап ету жұмыстарын жүргізуге құқылы, сонынан келісімге қол жеткізбеген жағдайда, мәжбүрлеп өнідіріп алу үшін сот органдарына шағымдануға құқылы.

4.3.6 Осы Шартпен белгіленген мерзімдер мен жағдайларда қызметтің ақысын уақытылы немесе толық көлемде жүргізбегенде, Орындаушы Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылған тәртіпте берешекті толық көлемде өтегенге дейін Тұтынушыға көрсетілетін қызметтерді тоқтатуға құқылы.

4.3.7 Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылғандай, өзге де құқықтардың болуына.

#### **4.4. Орындаушы міндеттенеді:**

4.4.1. Қызметтерді жүргізу қауіпсіздігі үшін толық жауапкершілікте болуға.

4.4.2. Қызмет көрсету барысында қоршаған ортаны қорғау, техника қауіпсіздігі, санитарияның қолданыстағы нормативтік талаптарын орындауға.

4.4.3. Тұтынушының талабы бойынша оны Қызметтердің барысы жөнінде хабардар етуге.

4.4.4. Қызметтерді Шартта көрсетілген мерзім мен тәртіпте, кестеге, белгіленген жұмыс тәртібіне, қозғалыс сызбасы мен шарттарына сәйкес қамтамасыз етуге.

4.4.5. Шот-фактуралар мен орындалған жұмыс актілерін Тұтынушыға уақытылы беруге.

4.4.6. Қызмет көрсету ережелерінің өзгергені жөнінде Тұтынушыға уақытылы хабарлауға және ақпарат беруге.

4.4.7. Куәландыратын құжаттар болған жағдайда нақты көрсетілген қызмет кезеңіне қайта есептеу жүргізуге.

## **5. Тараптардың жауапкершілігі**

5.1. Шартта қарастырылған міндеттер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, кінәлы Тарап екінші Тарапқа Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келтірілген шығындардың орнын толтырады.

5.2. Қызметтерді көрсеткені үшін төлем мерзімі кешіктірілген жағдайда, Орындаушы осы Шартқа сәйкес Тұтынушыға әр кешіктірілген күн үшін қарыз сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ қарыз сомасының 10% -нан аспайтын айыппұл өндіріп алуға құқылы.

5.3. Қызмет көрсету мерзімі кешіктірілген жағдайда, Тұтынушы осы Шартқа сәйкес Орындаушыдан кешіктірілген әрбір күн үшін қызметтердің 0,1% мөлшерінде, бірақ қызмет құнының 10% аспайтын мөлшерінде айыппұл өндіруге құқылы.

5.4. Тұтынушы қызмет көрсетуді тоқтатуға мәжбүр еткен жағдайда, қабылданған және жасалған іс-әрекет үшін жауапкершілікті толық өзіне алады.

5.5. Тұрақсыздық айып төлеу Тараптарды Шарт бойынша міндеттерді орындаудан босатпайды.

## **6. Форс-мажорлық жағдайлар**

6.1. Тараптарға қатысты емес себептерден Шарт талаптары бұзылса, Тараптар жауапкершілік алмайды, нақтырақ: апаттық зілзала, ереуіл, соғыс және азаматтық тәртіпсіздіктер, эмбарго, су тасқыны, өрт, жер сілкіну, мемлекеттік органдардың актілері және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарымен белгіленген өзге де кедергі күштің әсерінен болғанда.

6.2 Қыс мезгілінде ауа температурасы Цельсия бойынша -30 градустан жоғары болған жағдайда Орындаушы Қызметтерді тоқтатуға құқылы. Ауа райы ретке келгенде Шарт бойынша Қызметтер толығымен орындалады.

6.3. Форс-мажорлық мән-жайларға сілтеме жасайтын тарап уәкілетті орган берген және осындай мән-жайларды растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

## **7. Дауларды шешу**

7.1. Осы Шарттан туындаған немесе онымен байланысты барлық дау-жанжалдарды, Тараптар мүмкіндігінше келіссөздер жүргізу арқылы шешеді.

7.2. Дау-жанжалдарды келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес сот тәртібімен қарауға жатады.

## **8. Өзге шарттар**

8.1. Шарттың талаптары Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгеруі мүмкін. Шартқа енгізілген Өзгерістер мен Толықтырулар жазбаша түрде рәсімделуі және Тараптардың уәкілетті өкілдері қолдарын коюы тиіс.

8.2. Тараптардың әрқайсысы, осы Шартта көрсетілген жағдайларда шартты бұзатын күнге дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Өзге Тарапты жазбаша ескертіп, осы Шартты бұза алады.

8.3. Шартты мерзімінен бұрын бұзғанда Тараптар барлық өзара есеп айырысуларды жоғарыда көрсетілген хабарламадағы бұзылу күніне дейін жүргізуге міндеттенеді.

8.4. Осы Шартты бұзу туралы келісім жазбаша түрде рәсімделуі және Тараптардың уәкілетті өкілдерімен қол қойылуы тиіс.

8.5. Осы Шарттың бір бөлігі заңмен көрсетілген тәртіпте анық емес деп танылса, бұл дерек Шартты түгелімен және/немесе оның бөліктерін жедел түрде анық емес деп тануға дәлел болмайды.

8.6. Шарт қазақ тілінде құрылады, Тараптардың әрқайсына бір-бірден беріледі.

8.7. Осы Шарттың талаптары осы Шарт жасалғанға дейінгі қатынастарға да қолданылуы мүмкін.

### 9. Шарттың қолданыс мерзімі

9.1. Шарт 2025 жылғы "23" сәуір сағат 00:00-ден бастап күшіне енеді және 2025 жылғы "31" желтоқсан сағат 24:00-ге дейін қолданылады.

9.2. Шарттың қолданылу мерзімі, егер Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын тараптардың біреуі бұл туралы мәлімдесе, көрсетілетін қызметтерді ұсыну көлемін нақтылай отырып, белгілі бір мерзімге ұзартылады. Шарттың мерзімін ұзарту Шартқа қосымша келісіммен ресімделеді.

Тараптардың бірінің мерзім аяқталғаннан кейін шартты тоқтату немесе өзгерту туралы өтініші болмаған жағдайда, ол шартта көзделген мерзімге және шарттарда ұзартылған болып есептеледі.

#### Орындаушы:

ДК «Өркен»

Мекен жайы: Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қарауылкелді ауылы,  
Адрес: Актюбинская область Байганинский район, село Карауылкелды,

Тел. 8 777 1598156

ЖСН/ИИН 790907302931

ЖИК/ИИК KZ23722S000038882945

БИК/CASPKZKA

АО «Kaspi Bank»

Басшысы



#### Тұтынушы:

ЖШС «QazCement Industries»

Мекен жайы: Астана қаласы, Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғылы 41, №209-  
ы офис

БСН: 230140030894

ЖИК: KZ648562203128673397

БСК: KСJVKZKX

Бас директоры



Н.Т. Урмантаев